

ҚАР МЕН БОРАН КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

ҚАР МЕН БОРАНҒА АРНАЛҒАН БІРНЕШЕ МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР:

1

ҮЙДІ ДАЙЫНДАУ:

- Ауа райы болжамын қадағалаңыз.
- Үйден тек аса қажет болған жағдайда ғана шығыңыз.
- Терезелерді, есіктерді, шатыр люктерін және желдеткіш тесіктерін мықтап жабыңыз.
- Электр қуатының өшуіне дайындалыңыз: су, азық-түлік, дәрі-дәрмек және автономды жарықтандыру құралдарын (шамдар) жинақтаңыз.

2

СЫРТТА:

- Егер Сіз қарлы боран кезінде көшеде болсаңыз, жақын маңдағы ғимаратқа тығылуға тырысыңыз.
- Қарлы боран кезінде қатты жел соққанда, жолдар мен көпірлердің жабындарының бұзылуы, құрылыстардың құлауы, әуе электр желілері мен байланыс желілерінің үзілуі, жер үсті құбырларының жарылуы, жарнамалық қалқандардың құлауы адамдарға қауіп төндіреді. Мұндай ауа райында қауіпті орындардан мүмкіндігінше алыс болуға тырысыңыз.

3

КӨЛІКТЕ:

- Тек негізгі жолдармен және тас жолдармен жүріңіз.
- Табиғи құбылысты күтіп, тоқтаңыз.
- Көлік сынған жағдайда дабыл қағыңыз (үзілісті сигналдар, көтерілген капот, антеннадағы ашық мата) және көмек күтіп, көліктің ішінде болыңыз.

4

ҚОСЫМША ШАРАЛАР:

- Маңызды ақпарат алу үшін теледидарлар мен радиоқабылдағыштарды қосулы ұстаңыз.
- Балкондар мен терезе алды тақтайларынан желмен ұшып кетуі мүмкін заттарды алып тастаңыз.
- Төтенше жағдайларда 112 телефон нөміріне хабарласыңыз.

Бұл шаралар сізге қатты қар жауып, боран соққан жағдайда қауіпсіздікті сақтауға көмектеседі. Өзіңізді күтіңіз! ❄️

**ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:
ҚОЛАЙСЫЗ АУА РАЙЫ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ
САҚТАУ – СІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІҢІЗДІҢ КЕПІЛІ!**

